

**Сбербанк Global Finance журналының деректері бойынша 5 номинацияда Орталық және Шығыс Еуропадағы ең үздік банк болып танылды**

- **Сбербанктің корпоративтік клиенттерге арналған сандық шешімдері Best Investment Management Services, Best Online Treasury Services және Best in Social Media Marketing and Services санаттарында жеңімпаздар болып танылған.**
- **Сбербанктің бөлшек сандық банкісі Best Bill Payment & Presentment және Best Information Security and Fraud Management санаттарды үздік деп аталған.**

**2019 жылғы 16 тамыз, Мәскеу** - Сбербанк Global Finance журналының хабарламасы бойынша 5 номинациядан бірден Орталық және Шығыс Еуропаның үздік банкісі болып танылды.

Сбербанктің корпоративтік клиенттерге арналған сандық шешімдері «Инвестицияларды басқару жөніндегі үздік сервистер» (Best Investment Management Services), «Қазынашылықтың ең үздік онлайн-сервистері» (Best Online Treasury Services) және «Әлеуметтік медиалардағы маркетинг пен сервис саласындағы ең үздік» (Best in Social Media Marketing and Services) номинацияларында жеңімпаз болып танылған. Оған қоса, бұдан бұрын Global Finance Сбербанкті Ресейдегі Best Treasury & Cash Management Banks And Providers 2019 байқауы аясындағы ең үздік контрагенті ретінде таныған.

Сбербанктің бөлшек сандық банкісі Global Finance-нің «Шоттарды төлеуге арналған ең үздік шешім» (Best Bill Payment & Presentment) және «Ең үздік ақпараттық қауіпсіздік және фродтың алдын алу» (Best Information Security and Fraud Management) номинацияларында марапатталды.

Бірінші орынды Best Investment Management Services және Best Online Treasury Services санаттарда жеңіп алуға заңды тұлғаларға арналған онлайн-сервистеді жетілдірудің арқасында мүмкін болды. Қаржы секторындағы реттеу мен технологиялар неғұрлым жылдам қарқынмен өзгеріп келеді, ал бизнес-орта неғұрлым бәсекеге қабілеттіге айналып барады. Мұндай жағдайларда корпорациялардың ақшалай қаражатын тиімді басқару мәселесі неғұрлым өзектіге айналып келеді және банк ресейлік бизнесті олардың бизнес-міндеттерін шешу үшін үздік өнімдермен және қызметтермен қамтамасыз етуге тырысуда. Айқын мысал — Sberbank Markets платформасы, онда клиенттер бір терезеде компанияның валюталық тәуекелдері мен өтімділігін басқару үшін технологиялық жұмыс кеңістігін онлайн режимде алады.

Best in Social Media Marketing and Services санатындағы көшбасшылық банк, табиғи жарнамв, жағдаяттық маркетинг құралдарын пайдаланып, «Енді Мен Өз ісімнің Басшысымын!» атты ауқымды арнайы жобаларды жүзеге асырып, әлеуметтік желілерде кәсіпкерлермен тиімді өзара әрекеттесуіне негізделген. Әлеуметтік медиаларда қатынста болып, банк, «Сбербанк бизнес үшін» қоғамдастықтарда шешімдер ұсынып және пайдалы тәжірибелерді жинастырып, әрекеттегі бизнескерлерге көмек көрстеуге, әлеуетті кәсіпкерлерді «Өз ісім» пабликтерде ынталандыруға және «Іскерлік ортадан» білім таратуға тырысады. Нәтижесінде, бизнеске арналған банк қоғамдастықтарының жазылушыларының саны бұлжытпай артып келеді және де жарты миллионнан артып кеткен.

Сбербанктің төлемдер мен аударымдарының сервистері Best Bill Payment & Presentment номинациясында бірнеше мәрте марапатталған. Бұл Сбербанктің төлеу және аударымдар сервистері халықаралық танылымға бөлінгеннің төртінші реті.

Сбербанктің төлемдері мен аударымдарын ай сайын 60 млн астам адамдар пайдаланады. Сбербанк әр клиентке ең жақсы клиенттік тәжірибе ұсынуға тырысады. Қосымшада шотты штрих код бойынша бірнеше секунд ішінде, тек түбіртеккі сканерден өткізіп, деректемелерді қолмен толтырмай төлеуге болады. Егер бұл клиенттің тұрақты төлемі болса, онда жаңа дербестендірілген «Менің операцияларым» сервисі төлеуге алдын ала дайындалған шотты көрсетеді және оларды бір ғана шертумен төлеуді ұсынады. Шоттарды автоматты түрде төлеу қызметі — «Автотөлеу» —

дамуын жалғастыруда. 2018 жылы олардың саны 50 млн-нан асты, және бүгінгі күні банктегі әр бесінші тұрақты төлем осылай жүргізіледі.

Телефон арқылы аударымдар жүргізу сервисі Сбербанк картасының әрбір иесі өмірінің ажырамас бөлігіне айналған деуге болады. Өткен жылы ол «үйден шықты»: енді серіктестерден аударымдарды жасау, Сбербанк ішінде сияқты, жеңіл және оңай. Оған қоса, бірқатар жаңа сервистер іске қосылған болатын: талап етілетін аударымдар, Еуропаға аударымдар, ТМД-ға аударымдар.

Сбербанк Best Information Security and Fraud Management санатындағы бірінші орынды жасанды интеллектке негізделген антифрод жүйесін, жоғары технологиялық Киберқорғау орталығын, кибертәуекелдерді басқару жүйесін, өнімдердің қауіпсіздігін, киберқауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру жөніндегі жұмысты қамтитын жетілген киберқауіпсіздік экожүйесінің арқасында алды.

Global Finance жірнал — халықаралық банк қоғамдастығындағы ежелгі және аса құметті салалық басылымдардың бірі. Өзінің талдауында журнал сандық факторларды да, сонымен қатар субъективтік өлшемшарттарды да назарға алады. Объективтік өлшемшарттар қатарында — сандық ортада клиенттерді тарту және қызмет көрсету стратегиясы, пайдаланушылар базасының өсуі, сандық өнімдердің функционалдығы, сондай-ақ бизнестің жаңа бағыттары мен инновациялық сервистерді дамыту. Субъективтік өлшемшарттар халықаралық деңгейдегі талдаушылардың, банк кеңесшілерінің және басқа да салалық кәсіпқойлардың пікірлерін қамтиды.

Global Finance сыйлығының жеңімпаздары Африка, Азия-Тынық мұхит аймағы, Орталық және Шығыс Еуропа, Латын Америкасы, Таяу Шығыс, Солтүстік Америка және Батыс Еуропаның 150-ден астам еліндегі қаржы ұйымдарының арасында таңдалады.

#### **Сбербанк**

Анна Морозова

Баспасөз қызметі

тел.: +7 (495) 957 -57 -21

e-mail: [media@sberbank.ru](mailto:media@sberbank.ru)

<https://twitter.com/SberbankMedia>

#### **«Сбербанк» АҚ ЕБ**

Гульмира Мухсинова

Баспасөз қызметі

тел.: +7 (727) 266-35-68

e-mail: [Gulmira.Mukhsinova@sberbank.kz](mailto:Gulmira.Mukhsinova@sberbank.kz)

#### **Анықтама:**

**Сбербанк ЖАҚ** – Ресейдегі ең ірі банк және галамдық жетекші қаржы институттарының бірі. Сбербанктің үлесіне ресейдің бүкіл банк секторы активтерінің үштен бір бөлігі кіреді. Сбербанк ұлттық экономика үшін негізгі кредитор болып табылады және салымдар нарығының ауқымды үлесіне ие. Бір дауыс беруші акциямен қоса жарғылық капиталдың 50%-на ие Ресей Федерациясының Орталық банкі Сбербанк ЖАҚ-ның құрылтайшысы және негізгі акционері болып табылады. Банктің өзге 50% акциясына ресейлік және халықаралық инвесторлар иелік етеді. Сбербанктің қызметтерін әлемнің 22 елінде 145 миллионнан астам клиенттер пайдаланады. Банк Ресейдегі ең ауқымды филиалдық желіге ие: 15 мыңнан астам қызмет көрсету орындары бар. Банктің шет елдік желісі Ұлы Британия, АҚШ, ТМД, Орталық және Шығыс Еуропа, Үндістан, Қытай, Түркия және өзге де елдердегі еншілес банктерден, филиалдардан және өкілдіктерден тұрады.

№1481 Банктік операцияларды орындауға Ресей Банкінің бас лицензиясы.

**«Сбербанк» АҚ ЕБ** халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 13 жыл табысты жұмыс істеп келеді, 01.01.2019 ж. мәліметтерге сәйкес активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 2-орынды алады. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 95 құрылымдық бөлімшесінен тұратын филиалдық желісі бар, оның 17-сы - филиал.

Банктің Орталық офісі Алматы қаласында орналасқан.